

"Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 168 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 176 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 22 қазандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4971 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 265 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2008.12.22 N 265 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылған
д е п т а н ы л с ы н .

3

4. Осы бұйрық 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

М. Құсайынов

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы

N 265 бұйрығына 3-қосымша

1

.

7. "Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 168 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі

8. ...

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 168 (Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 69 бұйрығымен - Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3662 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2005 жылғы 17 қаңтардағы N 1 бұйрығымен - Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4039 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2006 жылғы 15 тамыздағы N 118 бұйрығымен - Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4353 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 77 бұйрығымен - Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4684 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 121 бұйрығымен - Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4810 болып тіркелген бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3310 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымында :

"Жалақы" деген 110-сыныпшада:

"Негізгі жалақы" деген 111-ерекшелік бойынша:

"Шығындардың тізбесі" деген бағанда:

""Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабына" деген сөздер ""Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 131-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Қосымша ақшалай төлемдер" деген 112-ерекшелік бойынша:

"Шығындардың тізбесі" деген бағанда:

""Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабына сәйкес мерзімінен тыс жұмыстарға, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыстарға" деген сөздер ""Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі

" Қазақстан Республикасы кодексінің 127, 128 және 129-баптарына сәйкес мерзімінен тыс жұмыстарға, түнгі уақыттағы мереке және демалыс күндеріндегі жұмыстарға" деген сөздермен ауыстырылсын";

"Өтемақы төлемдері" деген 113-ерекшелік бойынша:

"Шығындардың тізбесі" деген бағанда:

"мемлекеттік қызметшілерге берілетін шығу жәрдемақысы;" деген сөздерден кейін "судьялардың қызметтен кету кезіндегі біржолғы шығу жәрдемақысы" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес орташа айлық жалақы мөлшеріндегі өтемақы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 157-бабына сәйкес жұмысынан айрылуына байланысты өтемақы төлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу" деген 140-сыныпшада:

"Ғимараттарды, үй-жайларды ұстау, оларға қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, жабдықтар мен басқа да негізгі құралдарды жөндеу" деген 146-ерекшелік бойынша:

"Анықтама" деген бағанда "бір бірлігінің құны 40 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын және қызмет уақыты бір жылға дейін" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Әдіснама тиімділікті бағалау және функционалдық талдау департаменті (М . Боранғалиева) Заң басқармасымен (Д. Ешімова) бірлесіп, осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр